

МКҚК «Айгөлек» балабақшасы  
Өндірістік кеңестің № 1 хаттамасы

Қатысқандар:-12

26.09.2022ж

**Күн тәртібі:**

- 1.Жазғы ағымдағы жөндеу жұмыстарының қортындысы туралы;
- 2.Балабақшаның ішкі еңбек тәртіп ережелерін бекіту;
- 3.Жұмысшыларға міндеттемелерді жүктеу;
- 4."Еңбек қауіпсіздігі" және "Өрт қауіпсіздігі" қауіпсіздік ережелері туралы нұсқау жүргізу.

**Тыңдалды:**

Балабақша меңгеруші А. Рыскулова жазғы жөндеу жұмыстары туралы айтып өтті. Балабақша ауласы толық жөндеуден өтті. Топ бөлмелеріне ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізілді. Ішкі аула сыртқы аула толық әктеліп сырланды. Төсек орындар жаңартылып, жұмсақ жиһаздар мен үстел, орындықтар толықтырылды. Сынған ыдыс, ойыншықтардың тізімі жасалып, жаңа заттармен жабдықталды. Электр құрылғылары, жылыту пештері тазартылып тексеруден өткізілді. Жазғы маусымдық жұмыстар өз уақытында бітіп, жаңа оқу жылында балаларды қабылдауға толықтай дайын.

**Тыңдалды:**

Балабақша әдіскері К.Алиева сөз алды. Балабақшаны ішкі еңбек тәртібі ережелері бекітіліп, қызметкерлерге таныстырылды. Сонымен қатар жалпы жұмысшыларға лауазымдық міндеттемелер жүктеліп таныстырылды. Жаңа оқу жылында балалар тізімі анықталып, жас ерекшеліктері ескеріле отырып топтарға бөлініп әр топқа тәрбиешілер бекітілді.

**Тыңдалды:**

Шаруа меңгерушісі А. Мамраимов балабақша қызметкерлеріне «Еңбек қауіпсіздігі» жіне «Өрт қауіпсіздігі» ережелері туралы нұсқау жүргізді. Қауіпсіздікті жіне қауіпсіздік тудыратын жағдайлардың алдын алу, ұқыпты болу, жауапкершілік сезіну менн ереже талаптарды қатаң сақтауды тапсырды. Ғимараттарда өрт сөндіруші құралдардың өз орнында тұруы және түгел

болуы, пайдалану, қолдану жұмыстары екі реттен кем емес тексерістен өткізуді шаруа меңгерушісіне тапсырды.

**Шешім:**

1. Балабақшаның ішкі еңбек тәртіп ережелері бекітіліп таныстырылсын.
2. Балабақша қызметкерлеріне лауазымдық міндеттемелері жүктелсін.
3. «Еңбек қауіпсіздігі» және «Өрт қауіпсіздігі» қауіпсіздік ережелері сақталсын.

Жауапты: Балабақша қызметкерлері.

Төрайым:  А. Рыскулова

Хатшы:  К. Алиева



МКҚК «Айгөлек» балабақшасы

Өндірістік кеңестің № 2 хаттамасы

Қатысқандар:- 15

06.12.2022ж

**Күн тәртібі:**

- 1.Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы;
2. Балалардың өмірі мен денсаулығын сақтау бойынша нұсқаулықтар жүргізу;
- 3.Жаңа жыл мерекесіне дайындық өрт қауіпсіздігі ережелері туралы нұсқау жүргізу;
4. Жылу мәселесі бойынша;

**Тыңдалды:**

Менгеруші А. Рыскулова сөз алды. Күн тәртібіндегі бірінші қаралған мәселе Жаңа жылдық ертеңгілікте балалардың қауіпсіздігі туралы. Жаңа жыл мерекесі жақындаған кезде жасыл шырша да өз орнын табады. Жаңа жылды өрт сияқты оқиғалармен көңілге кірбің түсірмей, жақсы өткізу үшін жаңа жылдық іс-шараларды өткізу кезінде өрт қауіпсіздігі ережесін сақтау қажеттілігі туралы естеріңізге саламыз.

Шыршаны орнатқанда оның бөлмеден шығуға кедергі келтірмей орналасуын қадағалау қажет. Шыршаны жылу беру батареясының жанына орналастырған қауіпті. Иллюминацияны қосқан кезде бөлмедегі жарықты толықтай өшіруге болмайды.

Мереке аяқталған соң шыршаны үйде ұзақ ұстаудың қажеті жоқ. Кеуіп қалған қылқанның өрт қауіптілігі жоғары болады. Сонымен қатар, синтетикалық материалдардан дайындалатын жасанды шыршалардың өрт шығу қаупі бар және олар жанған кезде денсаулыққа қауіпті улы заттар бөлінеді.

Жаңа жылдың бенгал алауы мен әр түрлі мерекелік отшашуларсыз өтпейтіні белгілі. Жаңа жылды тойлау қарсаңында әр түрлі өрт шығу қаупі бар пиротехникалық құралдар қолданылады, олардың салдарынан өрттің шығуы, адамдардың жарақат алуы және мертiгyгy әбден мүмкін.

Мұндай заттарды сатып алғанда бірнеше қағиданы естеріңізде ұстаған жөн. Пиротехниканың барлық түрі тек далада пайдалануға арналған!

- отшашуға арналған орынды таңдап алыңыз. Мұның кең ашық алаң болғаны дұрыс – мысалы, ағаштар мен құрылысы жоқ аула, бак немесе алаң.

-Таңдап алынған жерді мүқият қарап шығу керек, жанында өрт шығу қаупі бар объектілер,автомашина тұрақтары,ағаш қоралар немесе гараждар 100 метр радиуста болуы тиіс.

**Тыңдалды:**

Екінші мәселе бойынша шаруа меңгерушісі А. Мамраимов сөз алды. Барлық қауіпсіздік ережелеріне дайын екенін айтты.

**Шешім:**

1. Балалардың өмірі мен денсаулығын сақтау бойынша нұсқаулықтар жүргізілсін.
2. Жана жыл мерекесіне дайындық жүргізілсін. Өрт қауіпсіздігі ережелері қатаң сақталсын.
3. Жылу мәселесі бақылауда болсын.

Жауапты: Шаруа меңгерушісі: А. Мамраимов

Төрайым:

А. Рыскулова

Хатшы:

К. Алиева



МККК «Айгөлек» балабақшасы  
Өндірістік кеңестің №3 хаттамасы

Қатысқандар:- 11

09.03.2023ж

**Күн тәртібі:**

- 1.Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы;
- 2.«Төтенше жағдайлар кезінде балабақшадағы қауіпсіздік, өрт қауіпсіздігі ережелері» туралы;
- 3.Топтардағы санитарлық эпидемиологиялық нормалардың орындалуы;
- 4.Көгалдандыру жұмыстары туралы.

**Тыңдалды:**

Балабақша меңгерушісі А. Рыскулова өткен кеңесте қаралған мәселелердің толық орындалғанын атап өтті. Жаңа жыл мерекесінде сактық шаралары сакталып іс шара жоғары деңгейде аталып өтілді. Екінші мәселе төтенше жағдайлар кезіндегі балабақшадағы қауіпсіздік және өрт қауіпсіздігінің алдын алу жұмыстары туралы. Қауіпсіздікті және қауіпсіздік тудыратын жағдайлардың алдын алу, ұқыпты болу, жауапкершілік сезіну мен ереже талаптарды қатаң сақтауды тапсырды. Ғимараттарда өрт сөндіруші құралдардың өз орнында тұруы және түгел болуы, пайдалану, қолдану жұмыстары екі реттен кем емес тексерістен өткізуді шаруа меңгерушісіне тапсырды. Төтенше жағдай орын алған жағдайда қосымша шығу есіктері қарастырылған. Өрт сөндіруші құралдарымен толық жабдықталған.

**Тыңдалды:**

Балабақша медбикесі Л. Құдайбергенова топтардағы санитарлық эпидемиологиялық нормалардың орындалу жағдайын айтып өтті. Топтардағы санитарлық – эпидемиологиялық нормалар туралы топтардың тәрбиешілерімен көмекшілеріне нұсқаулықтар берілді және түсіндірілді. Бөлмелерді желдету, кварцтау кестелері ілінді. Қысқы от жағу мезгілінде бөлме температурасын қалыпты ұстау өз бақылауыма алдым. Тұмау мен суық тиюдің алдын алу шаралары жасалды.

**Тыңдалды:**

Меңгеруші А. Рыскулова балабақша ауласындағы тазалық жұмыстарына тоқталды. Күннің жылуына байланысты қар, мұздар еріп арықтарды су басады. Балабақшада ауласында атыздар тазалансын. Ағаштардың құраған бұтақтары кесіліп, ақталып, түптері көпсытылсын. Ағаштар отырғызылып көгалдандыру жұмыстары жүргізілсін.

Шатырларда су кету қауіпі бар жоғын тексерілсін. Ойын алаңдары күнделікті тазаланып тұрсын.

**Шешім:**

1. «Төтенше жағдайлар кезінде балабақшадағы қауіпсіздік, өрт қауіпсіздігі ережелері» нұсқаулықтары таныстырылсын.
2. Топтардағы санитарлық эпидемиологиялық нормалардың орындалуы.
3. Балабақша ауласында көгалдандыру жұмыстары жүргізілсін.

Төрайымы:

Хатшы:



А. Рыскулова

К. Алиева

МКҚК «Айгөлек» балабақшасы

Өндірістік кеңестің №4 хаттамасы

Қатысқандар: - 11

02.05.2023ж

**Күн тәртібі:**

1. Өткен кеңестің шешімінің қаралуы  
Жаз мезгіліндегі рационалды тамақтандыруды ұйымдастыруды бақылау
2. Бала денсаулығын нығайту жаз мезгілінде болатын алдын алу шаралары  
Жазғы маусымға балабақша ауласын дайындау
3. Жазғы ағымды жөндеу жұмыстарын ұйымдастыру.

**Тыңдалды:**

Балабақша меңгерушісі А. Рыскулова өткен кеңесте қаралған мәселелердің толық орындалғанын атап өтті.

Балабақша медбикесі Л. Құдайбергенова сөз алды:

Балалар жазда тез өсіп кетеді, «көз алдында бойшаң болады». Осыған байланысты баланың толыққанды дамуы үшін балаға негізгі құрылыс материалы – нәруыз (белок) түсіп тұруы тиіс, ал көмірсулар мен майлардың мөлшерін азайту қажет. Наруызды азық – түліктер сүймейтін тағамның тізіміне жиі еніп кетеді: олар не өте ыстық болады, не оны әбден шайнап жеу керек болады, бірақ оларды ас мәзірінен шығарып тастауға мүлдем болмайды. Ата – ананың бірінші міндеті – осы нәруыздарды баланың ағзасына қалай жеткізуді мұқият ойластыру. Жаз мезгіліндегі нәруыздың ең қолайлы көзі — сүзбе қосылған сүт коктейльдері болып есептеледі. Өздері қолдан қызанақ пен ірімшік бөлігін құс етімен қосып, гамбургер жасап беруге болады. Бала ағзасының майларға сұранысы сол күйінше қалады, тек жаз мезгілінде көбіне өсімдік тектес майларға көп көңіл бөлген дұрыс.

Сонымен қатар баланың ас мәзірінде зығыр, зәйтүн, жүгері және күнбағыс майы қосылған салаттар болуы тиіс. Мәзірде көмірсулардың жеткілікті мөлшері болуы керектігін уайымдамаса да болады: мұндай құнарлы заттар өсімдік және жануар тектес азық – түліктің құрамында жеткілікті мөлшерде болады. Және қандай ыстық болса да бала тәттілер мен жемістерден ешқашанда бас тартпайды.

Балабакша әдіскері К. Алиева сөз алды:

Мектепке дейінгі ұйымның алдында тұрған жауапты міндет- күрделі, өмірден өз орынын таба білетін дені сау, мәдениетті, шығармашылық жеке тұлғаны тәрбиелеу.

Сауықтыру жұмыстарының жүйелі өткізу:

- әрбір бүлдіршіннің қабілеттерін ашуға қажетті жағдай жасау;
- бала өмірін қызықты және мазмұнды ету;
- құрдастармен және ересектермен қарым –қатынаста жұмыс жасауға үйрету;
- дене және психикалық денсаулығын нығайту,
- қажетті іс - әрекетті белсене және өз бетінше орындауға;
- валеологиялық білімін іс-тәжірибеде өздігінен іске асыра және спорттың әртүрлі түрлерімен айналыса білуге мүмкіндік береді.

Жаз кезінде балалардың ағзасын сауықтыруға, эмоциалық, жеке тұлғалық, танымдық тұрғыда дамытуға септігін тигізетін жағдай жасау үшін ересектердің (балабақша қызметкерлер мен ата-аналарды) күшін жұмылдыру, біріктіру.

Жазғы кезде балалардың таза ауада болу уақыты ұзарады, оқу сабақтарының саны қысқарады, сабақтар ашық ауда өткізіледі. Содықтан да балалардың жыл бойғы алған білімін, біліктілік дағдыларын, қабілеттерін көрсетуге еркіндік беріледі.

Сауықтыру-шынықтыру уақытында сабақтастық сақталады. Жоспарлы жұмыс құру үлкен жетістікке, нәтижеге ие болады.

Балабақша меңгерушісі К. Алиева жаз мезгіліне балабақша ауласын дайыдап ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізілетінін айтып өтті. Жөндеу жұмыстары кезінде ең бастысы балалардың және қызметкерлердің қауіпсіздігін ескеруіміз керек деді.

#### Шешім:

1. Жаз мезгіліндегі рационалды тамақтандыруды ұйымдастыру.
2. Бала денсаулығын нығайту бойынша сауықтыру шаралары жүргізілсін.
3. Жазғы маусымда балабақша ауласы дайындалсын.
4. Жазғы ағымды жөндеу жұмыстарын ұйымдастырылсын.

Төрайымы:  А. Рыскулова  
Хатшы:  К. Алиева

